

Г. Ж. Мершенова, Б. Н. Мирзаева, К. К. Амангельдиева

5 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫМЕН АЙНАЛЫСУ БЕЛСЕНДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті №2 жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарының білікті маман дайындаудағы міндетті және ажырамас бөлігі болып табылады. Студенттердің зерттеу жұмыстары арқылы эффективті, клиникалық және теориялық мәселелерді шешуге қабілетті шығармашыл тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Мақалада 5 курс студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу белсенділігі бағаланды.

Кілт сөздер: медициналық білім беру, ғылыми-зерттеу жұмысы, студент

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті мамандар дайындау. Денсаулық сақтау жүйесінің болашақ мамандары, жылдам толығып жатқан ақпаратты кеңістікте дұрыс және жылдам бағдарлана алуына, сыни көзқарасты ойлау, мәліметтерді саралау, болашақ тәжірибесінде кездесетін жағдайлар барысында нақты, дұрыс шешімдер қабылдай алуы, ғылыми ізденістік шығармашылығын, сыни көзқарасты ойлау дағдыларын жетілдіру үшін оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу керек [2, 4]. Сол себепті бұл мақалада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздері, айналысу белсенділігі және ғылыми жұмыстармен айналысуына кедергі болатын себептер жайлы баяндалған.

Г. И. Хмар және Л. С. Тетерская айтуы бойынша студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы – көп қырлы және көлемді түсінік. Ол келесі компоненттерден тұрады:


1) жоғары оқу орнының ерекшеліктері, факультет және мамандығы, курс айырмашылығы бойынша, ғылыми-зерттеу қызметі жайлы білім мен дағдыны сапалы қалыптастыру процесі (қандай мақсатпен және қалай қалыптастыру);

2) аталған қасиеттер мен білім және дағдыларды қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін, түрлерін үйрету (қалай және не арқылы қалыптастыру);


3) студенттерде аталған қасиеттерді, білім, дағдыларды қалыптастырудағы субъективті-объективті байланыстырдың жүйесі мен құрылымдарын қалыптастыру (кім және кімде қалыптастырылады, қалыптастырушы мен қалыптасып жатқандар арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі);

4) ғылыми-зерттеу қызмет процестерінің нәтижелілігі (қандай нәтиже болды) [5].


Жұмыстың мақсаты – 5 курс студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу дәрежесін анықтау.



1 сурет – Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу белсенділігінің таралуы



2 сурет – Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына анализ




3 сурет – Пәндер бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу белсенділігін бағалау

ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің «Жалпы медицина» мамандығының 5 курс студенттері арасында сауалнама қолдану арқылы рандомизирленген зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 93 студент қатысты, олардың 46 қазақ тобында, 47 орыс тобында білім алады. Зерттеу студенттердің арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу және қызығушылық белсенділігін анықтаумен тікелей байланысты.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Сауалнама мәліметтері бойынша қазақ тобына қарағанда, орыс тобында ғылыми-зерттеулермен айналысатын студенттер басымдау екенін көруге болады, орыс тобы (46%), қазақ тобы (41%). Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыспайтындар саны жоғары, мемлекеттік тілде білім алтындар арасында 59%, ал орыс тобында 54% құрады. Екіншіке орай, қазіргі кезде студенттердің



4 сурет – Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыспау себептері

ғылыми жұмыстармен айналысу деңгейінің төмен дәрежеде екендігі анықталды, ал бұл өз кезегінде студенттердің шынайы шығармашылық потенциал мүмкіндіктерін дамуына да, кедергі жасайды [1, 3].

Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатындар арасында ғылыми мақала жазғандар (88%), топтық ғылыми-зерттеумен айналысқандар (80%) құрады.

Клиникалық пәндерге қарағанда студенттер базалық пәндерді (молекулярлы биология 72%) өту барысында ғылыми зерттеу жұмыстарымен белсене айналысқан.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыспау себептерін анықтау үшін, сауалнамаға қосылған жаңа «Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысуға сізге не кедергі жасайды?» деген сұрақ бойынша алынған мәліметтерде, уақыттың жетіспеушілігі (75%), қызығушылықтың болмауы (35%), оқу жүктемесінің ауырлығы (25%) негізгі себептер екендігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Орыс тобында оқытындар (46%), мемлекеттік тілде (41%) оқытындарға қарағанда ғылыммен айналысуға деген белсенділігі жоғары. Олардың (88%) мақалалар, топпен ғылыми зерттеулерге (80%), түрлі деңгейдегі конференцияларға

(72%) ғылыми жұмыстарымен қатысу арқылы жүзеге асырады. Сұрауға қатысқан студенттер клиникалық пәндерге қарағанда, базалық пәндерде (молекулярлы биология 72%) ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жиі айналысқан.

2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысуға деген студенттерде мотивацияның болмауы салдарынан, қызығушылық танытпауы (75%) және уақыттың аздығы (35%) деген себептер кедергі болатындығы анықталынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ботатаева Ұ. А. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары – оқу және ғылыми-инновациялық үрдістің құрамдас бөлігі /Ұ. А. Ботатаева, Ж. А. Оспанова, Г. Ж. Тұрысбекова // Вестник КазНМУ. – 2014. – №3. – С. 14-26.

2 Калиновская Т. Г. Научно-исследовательская работа студентов как фактор развития творческой активности /Т. Г. Калиновская, С. А. Косолапова, А. В. Прошкин //Междунар. журн. прикладных и фундаментальных исследований. – 2010. – №1. – С. 75-78.

3 Лоханова Г. Научно-исследовательская работа студентов вуза как компонент профессиональной подготовки будущих

специалистов //Матер. I междунар. науч.-практ. конф. «Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии». – Новосибирск: СибАК, 2010. – С. 18-24.

4 Миронов В. А. Социальные аспекты активизации научно-исследовательской деятельности студентов вузов /В. А. Миронов, Э. Ю. Майкова. – Тверь: ТГТУ, 2004. – С. 59.

5 Чупрова Л. В. Научно-исследовательская работа студентов в образовательном процессе вуза //Матер. междунар. науч. конф. «Теория и практика образования в современном мире». – СПб.: Реноме, 2012. – С. 380-383.

REFERENCES

1 Botataeva Ұ. А. Studentterdiң ғылыми-zertteu zhұmystary – оқу zhәне ғылыми-innovacijalyқ ырdistiң құрамдас бөлиги /Ұ. А. Botataeva, Zh. A. Ospanova, G. Zh. Тұрысбекova // Vestnik KazNMU. – 2014. – №3. – P. 14-26.

2 Kalinovskaja T. G. Nauchno-issledovatel'skaja rabota studentov kak faktor

razvitija tvorcheskoj aktivnosti /T. G. Kalinovskaja, S. A. Kosolapova, A. V. Proshkin //Mezhdunar. zhurn. prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij. – 2010. – №1. – P. 75-78.

3 Lohonova G. Nauchno-issledovatel'skaja rabota studentov vuza kak komponent professional'noj podgotovki budushhih specialistov // Mater. I mezhdunar. nauch.-prakt. konf. «Lichnost', sem'ja i obshhestvo: voprosy pedagogiki i psihologii». – Novosibirsk: SibAK, 2010. – P. 18-24.

4 Mironov V. A. Social'nye aspekty aktivizacii nauchno-issledovatel'skoj dejatel'nosti studentov vuzov /V. A. Mironov, Je. Ju. Majkova. – Tver': TGTU, 2004. – P. 59.

5 Chuprova L. V. Nauchno-issledovatel'skaja rabota studentov v obrazovatel'nom processe vuza //Mater. mezhdunar. nauch. konf. «Teorija i praktika obrazovanija v sovremennom mire». – SPb.: Renome, 2012. – P. 380-383.

Поступила 22.12.2016 г.

G. Zh. Mershenova, B. N. Mirzayeva, K. K. Amangeldiyeva

THE EVALUATION OF THE 5TH YEAR STUDENTS' ACTIVITY WHO ARE ENGAGED IN THE RESEARCH WORK

Department of general medical practice №2 of Karaganda state medical university (Karaganda, Kazakhstan)

The research work of students is compulsory, inseparable part of my specialists and it includes the main tasks of the university. The research work of students is the formation of a creative personality that can reasonably and effectively solve the clinical and theoretical problems. The article is estimated the activity of the 5th year students, who involved in the research work.

Keywords: medical education, a scientific research, student

Г. Ж. Мершенова, Б. Н. Мирзаева, К. К. Амангельдиева

ОЦЕНКА АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ 5 КУРСА, ЗАНИМАЮЩИХСЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТОЙ

Кафедра общей врачебной практики №2 Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

Научно-исследовательская работа студентов является обязательной, неотъемлемой частью подготовки высококвалифицированных специалистов и входит в число основных задач вуза. Исследовательская работа студентов служит формированию их как творческих личностей, способных обоснованно и эффективно решать возникающие клинические и теоретические проблемы. В статье оценивается активность студентов 5 курса, занимающихся научно-исследовательской работой.

Ключевые слова: медицинское образование, научно-исследовательская работа, студент